

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне тұрғын үй ұстaugа, коммуналдық қызметтердің және байланыс қызметтердің тұтыну ақысын төлеуге әлеуметтік көмек көрсету Ережелерін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 15 шілдедегі N 840 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл қаласы Әділет басқармасында 2005 жылғы 14 тамызда N 13-1-06 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысына қатысушыларына, мүгедектеріне және оларға теңестірілген тұлғаларға женілдіктер және әлеуметтік қорғау туралы" N 2247 Заңының 20-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" N 148-II Заңының 31-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына сәйкес, Петропавл қалалық мәслихатының 2004 жылғы 24 желтоқсандағы кезектегі он бірінші сессиясының "2005 жылға арналған Петропавл қаласының бюджеті туралы" N 2 шешімінің негізінде (2005 ж. 28.01. "Добрый вечер" газеті; 2005 ж. 19.01.2005 ж. мемлекеттік тіркеу N 1447.) қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса берілген Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне тұрғын үй ұстaugа, коммуналдық қызметтерді және байланыс қызметтерді тұтыну ақысын төлеуге әлеуметтік көмек көрсету Ережелерін бекітілсін.

2. "Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Н.Н.Күшталова) әлеуметтік көмектің тағайындалуын қамтамасыз етсін.

3. "Петропавл қаласының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Г.И.Дорофеева) қала бюджетінде бекітіліп бөлінген қаражат шегінде әлеуметтік көмегін қаржыландыруды қамтамасыз етсін 2006 жылғы 1 шілдеден.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - қала әкімиятының 2005.08.23 N 1039

Қ а у л ы с ы м е н

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Т.Н.Құлжановаға жүктелсін.

Қала әкімі

Қ а л а

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 1 5 ш іл д е д е г і ә к і м і н і ң
қаулысымен бекітілген N 8 4 0

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне тұрғын үй ұстaugа, коммуналдық қызметтердің және байланыс

қызметтердің тұтыну ақысын төлеуге әлеуметтік көмек көрсету Ережелері

1. Осы Ережелер Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне тұрғын үй ұстaugа, коммуналдық қызметтердің, қалалық коммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемінің саласындағы байланыс қызметтердің тұтыну ақысын, сондай-ақ телефон орнату қызметі үшін, әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу тәртібін айқындайды (бұдан әрі - әлеуметтік көмек).

2. Әлеуметтік көмек алуға Петропавл қаласында тұрақты тұратын Ұлы Отан соғысының қатысушылары және мүгедектері мәртебесі бар азаматтар құқылы.

3. Әлеуметтік көмек тағайындау Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі арқылы, мына құжаттардың негізінде жүзеге асырылады:

- 1) белгіленген нысандағы қосымшаға сәйкес өтініш;
- 2) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаты;
- 3) осы санатқа жататынын растайтын құжаты;
- 4) тұрғылықты жерін растайтын азаматтарды есепке алу кітабы.

4. Әлеуметтік көмек, жүгінген айдан бастап, ай сайын тағайындалады.

Әлеуметтік көмектің мөлшері, бір айлық есептік көрсеткіштің көлемінде ягни 3,8 есебінен материалдық қолдау көрсету жөнінде қосымша шара ретінде белгіленеді. Әлеуметтік көмек, ағымдағы жылға сәйкес республикалық бюджет туралы заңда бекітілген, бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің өзгеруін ескерумен төленеді. Телефон орнату қызметіне төлеу, орнату кезінде қолданыстағы болатын баға бойынша жүргізіледі.

Әлеуметтік көмек тағайындауға жүгіну алдындағы, тұрғын үй ұстaugа, коммуналдық қызметтерге, қалалық коммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлем жөніндегі байланыс қызметінің тұтыну ақысын төлеу жөнінде пайда болған берешектері төленбейді.

5. "Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі әлеуметтік көмектен бас тартқан жағдайда өтініш берушіге бас тарту себебін дәлелдеп жазбаша жауап жазылып, құжаттар кейін қайтарылады.

Бас таррудың негізі осы Ережемен анықталған, азаматтардың осы санатқа жататынын растайтын құжаттарды бермеуі болып табылады.

6. Әлеуметтік көмек төлеу, заңнамадағы белгіленген тәртіппен, келісім-шарт жасалған екінші деңгейдегі банктер арқылы алушылардың ашқан жеке шоттарына сомаларды аудару үшін, "Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі берген ведомосінің негізінде, іске

а с ы р ы л а д ы .

7. Әлеуметтік көмектің қаржыландырылуы, тиісті қаржы жылына сәйкес бекітілген, Петропавл қаласы бюджетінің қаражаты есебінен іске асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК